

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ


«Бекітемін»

Қызылорда ашық  
университетінің ректоры

К.А.Бисенов

« 28 »

2023 жыл



**ҚЫЗЫЛОРДА АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН АР-НАМЫС КОДЕКСІ**

Қызылорда, 2023 жыл

# Қызылорда ашық университетінің білім алушыларына арналған ар-намыс кодексі

## 1. Жалпы ережелер

-Қызылорда ашық университеті (бұдан әрі - ҚАУ) білім алушыларының Ар-намыс кодексі университеттің әрбір білім алушы басшылыққа алуы тиіс академиялық адалдық, моралдық-әдеп нормалары мінез-құлық ережелерінің жиынтығын айқындайтын құжат болып танылады;

-кодексте «Ар-намыс» деп білім алушылар үшін азаматтықтың, жоғары мәдениет пен өнегеліліктің үлгісі ретіндегі, Қызылорда ашық университетінің қағидаттары, бірлескен мәдениеті мен беделін қолдау және дамытуды өз парызы деп санайды;

-кодекстің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» заңдары, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, 2015-2025 жж. арналған Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, жалпыға ортақ моралдық-әдеп нормалары, университет Жарғысы, болып табылады;

-кодексте білім алушылардың университет ішінде де, сыртында да алатын орнына қарамастан, білім алушылардың барлығына тарайтын мінез-құлық ережелері мен стандарттарын қамтиды:

-университеттің әрбір білім алушылары осы Кодекстің нормаларын мүлтіксіз қадағалай отырып, оның беделі мен іскерлік атағын нығайтуға өз үлесін қосады.

## 2. Студенттік кодекстің негізгі қағидаттары

- осы Кодексті басшылыққа алу;

- Қазақстанның білім беру орталығы ретінде университеттің білім алушылары өздерінің құрдастары мен үлкендерге құрметпен қаруы тиіс, айналасындағыларға дөрекілік көрсетпей және әлеуметтік қорғалмаған адамдарға әлеуметтік аяушылық білдіреді мүмкіндігінше оларды қорғау;

-білім алушылар өз үлгісімен университет Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін, қадағалаудың маңыздылығын көрсету;

-Қазақстанда тұратын барлық халықтардың дәстүрін, салттарын және тілдерін сыйлау;

-университеттің мүлкін сақтау, материалдық ресурстарын үнемді және ұтымды пайдалану;

-классикалық стильде киінуге (денесін жартылай ашып жүруге, хиджаб киюге тыйым салынады) міндетті;

-студенттер салауатты өмір салтын қолдайды және зиянды әдеттерден толығымен бас тартады;

-университет студенттері білім беру мекемесінің тәртібін құрметтеуі, оның мүлкін ұқыпты ұстап, тазалық пен тәртіпті қадағалауы, оқу орнында және жатақханада тұруға қалыпты жағдай жасауға қатысуға міндетті;

-оқу процесі кезінде студенттер тек оқу әрекетімен айналысуға және сабақтың өтілуіне кедергі жасамай, білім беру ұйымының профессор - оқытушыларына, қызметкерлеріне құрмет көрсетуге және студенттермен сыпайы қарым-қатынас жасауға міндетті;

-студенттерге білім беру мекемесінің аумағына кез келген мақсатта қару, жарылғыш немесе өртенгіш заттар, газды шынылар, спирттік сусындар, темекілер, есірткілер, тағы да басқа есеңгірететін немесе улы құралдар, оқу қызметіне қатысы жоқ және айналасындағы адамдардың денсаулығына зақым келтіретін заттар алып келуге тыйым салынады;

-студенттер шығармашыл белсенділікті дамытуға (ғылыми-білімді, спорттық, көркемдік және т.б.), бірлескен мәдениет пен білім беру ұйымының беделін көтеруге бағытталған әртүрлі әрекеттің қажеттілігі мен пайдалы екендігін мойындауы қажет;

-білім беру мекемесінен тыс жерде студенттер сол білім беру мекемесінің өкілі болып табылатындығын әрқашан есте сақтауы тиіс және оның абыройы мен беделін түсіріп алмауы үшін барлық күшін салып әрекет етуі қажет;

-студенттер білімді бақылау шаралары (мәнжазбалар, курстық, бақылау, дипломдық және басқа жұмыстар) барысында өз еңбегінің нәтижесінің сапасын көшіру немесе басқа тұлғалардан, Интернет-ресурстарды қоса алғанда көмек сұрау; жоғары баға алу үшін туысқандық немесе қызметтік байланыстарды қолдану; қыдыру, кешігу және дәлелсіз себептермен сабақ жіберу сынды академиялық жат қылықтардың барлық түрлерімен күресуі қажет;

-өзінің мінез-құлқымен өзінің және университеттің абыройын түсіруге жол бермеу, университеттің білім алушысы ретінде өзін еліміз бен шетелде лайықты көрсету.

### 3. Білім алушылар мен өзара қарым-қатынастарда:

-сыпайылық, ұстамдылық, адалдық, әдептілік, өзара түсіністік көрсету, топта сенім атмосферасын ұстау;

-білім алушылар мен жеке қарым-қатынастарда және көпшілік алдында пікірлермен алмасқанда сыйластық қарым-қатынас таныту, таласты мәселелерді жағымды келіссөздер мен пікірталастар арқылы шешу;

-дәрекілік, жаман сөздер, менсінбеушілік екпін, менмендік, біржақты ескерпелер, қорлаушы сөздер және лайықсыз кінәлауларға жол бермеу.

### 4. Ар-намыс кодексін қадағаламағаны үшін жауапкершілік

-университет студенттері аталған Кодекс ережелерінің бұзылуын байқаған сәтте оны өз күшімен түзетуге тырысады, ал мұндай әрекет мүмкін болмаған жағдайда бұл келеңсіздіктер туралы студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарына немесе университет әкімшілігіне хабарлауға құқылы.

#### Келісілді:

Бірінші проректор



К.А.Еримбетов

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор



А.Б.Әлібекова

#### Әзірлеген:

«Тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру» бөлімінің меңгерушісі



Н.К.Саймағанбетов